

2023 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының кәсіподақ мүшелері және кәсіподақ органдары туралы статистикалық есепке ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы **619 738** кәсіподақ мүшесі бар 21 мүшелік ұйымды біріктіреді. Кәсіподақ мүшелерінің саны 2021 жылмен салыстырғанда 5 878 адамға артты. 9064 кәсіпорындар мен ұйымдарда кәсіподақ бар.

Кәсіподақ мүшелерінің ішінде жұмыс жасайтындардың саны - **567 817**, 2021 жылмен салыстырғанда 22 258 адамға артты және кәсіподақ мүшелерінің жалпы санының 91,6 % құрайды.

2022 жылы Салалық кәсіподақ құрамына «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ және «Қорғау» Қостанай облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ кірді.

Кәсіподақ құрамындағы студенттер мен білім алушылардың саны – **20533** (2021 ж. – 37890) немесе 3,6% (3,1%), әйелдердің саны – **444 861** (2020 ж. – **440503**) немесе 78,3% (71,1%).

29 жасқа дейінгі жастардың саны - **10 176**, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1360-қа азайған. 35 жасқа дейінгілердің саны - **147 829**, 2021 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1196 адамға азайған.

Бінталандыру жұмыстарын тиімді жүргізген мүшелік ұйымдар 2022 жылы мүшелік базасын арттырды:

- Түркістан облыстық ұйымы – 1198 адамға,
- Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымы – 955 адамға,
- Батыс Қазақстан облыстық ұйымы – 829 адамға,
- Шығыс Қазақстан облыстық ұйымы – 502 адамға,
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ бастауыш кәсіподақ ұйымы» филиалы – 201 адамға.

Есеп беру кезеңінде **жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің** саны келесі ұйымдарда төмендеді:

- Қарағанды облыстық ұйымы – 4249 адамға,
- Ұлытау облыстық кәсіподақ ұйымы – 3332 адамға,
- Атырау облыстық ұйымы – 1628 адамға,
- Жамбыл облыстық ұйымы – 1473 адамға,
- Ақмола облыстық ұйымы – 1156 адамға,
- Маңғыстау облыстық ұйымы – 1037 адамға,
- Астана қаласы білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы – 698 адамға,
- Қызылорда облыстық ұйымы – 621 адамға,
- Павлодар облыстық ұйымы – 362 адамға,

- Шымкент қалалық ұйымы – 348 адамға,
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы - 316 адамға,
- Ақтөбе облыстық ұйымы – 158 адамға,
- Алматы қалалық ұйымы – 112 адамға,
- Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жергілікті кәсіподақ ұйымы – 39 адамға,
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бастауыш кәсіподақ ұйымы – 13 адамға.

Қарағанды облысында кәсіподақ ұйымын құру мақсатында Облыстық білім басқармасының кәсіподақтардың қызметіне араласуы салдарынан Қарағанды облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелерінің айтарлықтай азаюы орын алды. Кәсіподақ мүшелерінің басым бөлігі білім басқармасы басшысының әкімшілік қысымына ұшырап, аумақтық ұйымнан шығып кетті. Орын алған жағдайға байланысты Кәсіподақтың басшы органдары кәсіподақтар туралы заңнаманы бұзған кінәлі тұлғаларға жауапкершілік шараларын қолдану туралы құқық қорғау органдарына тиісті хат жолдады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісінде болған өзгерістерге сәйкес Қарағанды облыстық ұйымының аудандық филиалының құрылуына байланысты Ұлытау облысы кәсіподақ ұйымының Шет аудандық филиалы жабылды.

Ұлытау ауданының кәсіподақ ұйымында Шет ауданындағы филиалының жабылуына байланысты кәсіподақ мүшелерінің азаюы орын алған. Сондай-ақ, Балқаш қаласындағы қалалық филиалдан 2 бастауыш кәсіподақ ұйымы «Білім» кәсіподақ ұйымына ауысып кеткен.

Салалық кәсіподақтың басқа кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ мүшелерінің санының азаюы қызметкерлер санының қысқаруымен, шағын мектептердің таратылуымен және мектепке дейінгі ұйымдарды коммерцияландыру процесімен байланысты.

Салалық кәсіподақ ұйымында жұмыс істемейтін 26 зейнеткер тіркелген, бұл өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 590 адамға аз.

Жамбыл және Қарағанды облыстық ұйымдарының кәсіподақ ұйымдарында жұмыс істемейтін зейнеткерлердің саны есепке алынған.

2022 жылғы есеп бойынша 9015 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 648-ға көбейді.

Мүшелік ұйымдардағы штаттық қызметкерлердің саны 615 адамды құрайды. 2021 жылға қарағанда 68 адамға артты.

Есеп беру кезеңінде «Рудный индустриалды институты» КеАҚ қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы филиал ретінде Салалық кәсіподақ құрамына енді.

Барлық мүшелік ұйымдар толық және нақты ақпарат ұсынды. Кейбір мүшелік ұйымдарда талдау, салыстыру бойынша ақпараттар көрсетілмеген. Ол ақпаратта нақты жағдай көрсетілмегендіктен, талдау жұмыстары бойынша объективті бағалау мүмкін емес.

Кәсіподақ оқуынан 111 329 адам өтті. 2021 жылмен салыстырғанда оқудан өткендердің саны 21 650 адамға артты: кәсіподақ ұйымдарының төрағалары – 9739, кәсіподақ активі – 28172, тексеру комиссиясының мүшелері – 12509 және кәсіподақ мүшелері – 60909.

Төраға орынбасары



Ә. Әбиева